

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы мұнай транзиті туралы келісімге қол қою туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 қараша N 1529
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.05.29. N 586 қаулысымен. ~P020586

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы мұнай транзиті туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы
мұнай транзиті туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі

халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған қағидаттары мен нормаларын,
1992 жылғы 25 мамырдағы Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының арасындағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартты,

1994 жылғы 17 желтоқсандағы Энергетикалық хартияға жасалған Шартты,
Мемлекеттер басшылары 1995 жылғы 20 қаңтарда қол қойған Ресей - Қазақстан ынтымақтастығын кеңейту және тереңдету туралы Декларацияны, Мәскеу қаласы,

1993 жылғы 24 қыркүйектегі Экономикалық одақ құру туралы шартты,
Мәскеу қаласы,

1996 жылғы 12 сәуірдегі Магистралды құбыр өткізгішпен мұнай және мұнай

өнімдері транзиті саласында келісілген саясат жүргізу туралы келісімді, Мәскеу қ а л а с ы ,

1993 жылғы 25 желтоқсандағы Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы ынтымақтастық және отын-энергетика кешендерін дамыту туралы келісімді, Алматы қаласы,

1997 жылғы 25 ақпандағы Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы мұнай-газ салаларындағы техникалық және экономикалық ынтымақтастық пен ықпалдасу туралы Келісімді, Мәскеу қ а л а с ы ,

1999 жылғы 4 маусымдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумағы арқылы транзит тәртібі туралы келісімді, Минск қаласы,

1998 жылғы 8 мамырдағы Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумағы арқылы транзиттің бірыңғай шарттары туралы келісімді басшылыққа ала отырып

Тараптардың мұнай-газ кешендері өзара ықпалдасқанын және Тараптар экономикасының көптеген салалары үшін даму базасы болып табылатынын тани о т ы р ы п ,

инвестицияны және транзитті қорғау жөніндегі халықаралық құқық нормаларының біркелкі, кемсітушіліксіз қолданылуын талап ететін мұнай транзиті бойынша жобалардың ұлтаралық сипатын тани отырып,

Тараптардың мұнай транзиті саласындағы бұдан былайғы өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту мен тереңдетуге мүдделі екенін ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар өзара пайда негізінде және бір бірінің экономикалық мүдделерін ескере отырып, мұнай транзиті саласында ынтымақтастық жасайды.

Осы Келісім Тараптардың магистралды мұнай құбырларымен мұнай транзитінің тәртібін, шарттарын және жалпы көлемін анықтайды.

Мұнай транзиті - бір Тараптың екінші Тарап аумағы арқылы мұнайды үшінші бір тарап мемлекет аумағындағы тұтынушылар үшін тасуы.

2-бап

Тараптар мемлекеттерінің аумағымен мұнай тасымалы мен транзитінің тиісті жүйесі арқылы Тараптар мұнайдың қауіпсіз, тиімді, толассыз, бөгетсіз және тұрақты транзитін қамтамасыз етеді.

Тараптар транзит шарттарының нашарлауына немесе оның тоқтап қалуына әкеліп соғатын шешімдерді біржақты түрде қабылдамауға міндеттенеді.

Осы Келісім бойынша мұнай транзитіне байланысты дау туындаған жағдайда Тараптар ондай дау белгіленген тәртіппен шешілгенге дейін мұнай транзитін тоқтатпауға және қысқартпауға міндеттенеді.

3-бап

Тараптар мұнай транзитінің жаңа жүйелерін жасау және бар жүйелерін ұлғайту жобаларын әзірлеу мен жүзеге асыру ісінде өзара, сонымен бірге үшінші бір тараптармен ынтымақтастық жасайтын болады.

Тараптардың жұмыс істеп тұрған, тасымал және транзит жүйелеріне шығу мүмкіндігін тоқтату немесе шектеу қауіпін туғызатын транзит жүйелерінің өткізу қабілеті жеткіліксіз болған жағдайда Тараптар тасымал және транзит жүйелерінің өткізу қабілетін тиісінше ұлғайту жолымен осы Келісімнің

шарттары мен ережелерін толық қанағаттандыру үшін қажетті іс-қимылдар жасайды.

Мұнай тасымалы мен транзитінің жаңа жүйелерін жасау немесе бар жүйелерін ұлғайту жобаларын жүзеге асырған жағдайда мұнай транзиті көлемінің өзгеруі осы Келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылатын жеке Хаттамаларда көрсетіледі.

4-бап

Мұнай транзитінің, оның ішінде экспортқа мұнай тасымалдаудың:
ресейлік Балтық мұнай құбыры жүйесіне (БМЖ) шығатын;
Бургас - Александрополис мұнай құбыры бойынша;
"Дружба" және "Адрия" мұнай құбыры бойынша;
басқа да ықтимал транзит бағыттары бойынша жаңа жүйелері пайдалануға тапсырылған жағдайда,

Тараптар Қазақстан мұнай транзитінің мүмкіндігі мен көлемін осы Келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылатын Хаттамаларда әрбір жаңа жүйе бойынша жеке-жеке көрсететін болады.

5-бап

Тараптар мұнай тасымалы мен транзитінің кез келген жүйесі арқылы тасымалданатын бүкіл мұнайға меншік құқығы тиісті жүк жөнелтушілерде сақталатынын мойындайды және оған келіседі. Мұндай мұнай аумағы арқылы тасымал мен транзит жүзеге асырылып отырған Тараптардың мұқтажы үшін пайдаланыла алмайды.

6-бап

Тараптар жұмыс істеп тұрған тасымал жүйесімен, оның ішінде магистралды мұнай құбырлары жүйесінің техникалық мүмкіндіктерін басшылыққа ала отырып, онымен Тараптар мемлекеттерінің аумағы арқылы мұнай транзитінің кепілді мүмкіндігін береді.

7-бап

1. Ресей Тарабы өзінің шаруашылық жүргізуші субъектілері арқылы

Қазақстан мұнайының Ресей Федерациясының аумағы арқылы жұмыс істеп тұрған ресейлік магистральді мұнай құбырлары жүйесімен өтетін транзитін Қазақстан Тарабы осы Келісім қолданылатын мерзімге мәлімдеген транзит көлемін негізге ала отырып жүзеге асыру жөнінде қызмет көрсетеді.

2. Ресей Тарабы Қазақстан мұнайының транзитін "АК "Транснефть" Ашық

акционерлік қоғамының мұнай құбырлары жүйесімен, оның ішінде:

2.1. Атырау - Самара мұнай құбырымен:

2002 жылы жылына 15 млн. тоннаға дейін;

2003 жылы жылына 15 млн. тоннаға дейін;

2004 жылы жылына 19 млн. тоннаға дейін;

2005 жылы жылына 22 млн. тоннаға дейін;

2006 жылы жылына 25 млн. тоннаға дейін.

2.2. Ақтау - Махачкала - Тихорецк - Новороссийск маршрутымен:

жылына 2,5 млн. тоннаға дейін.

2.3. Новороссийск портында одан әрі тиеу үшін "Грушевая" стансасынан - жылына 1 млн. тоннаға дейін жүзеге асыратын болады.

3. Қазақстан мұнайы экспортының бағыттары ретінде ресей жағы құбыр өткізгіш қуаттарын мына бағыттар бойынша береді:

Атырау - Самара - Одесса порты

Атырау - Самара - "Дружба" - Адамова Застава

Атырау - Самара - "Дружба" - Фенешлитке

Атырау - Самара - "Дружба" - Будковце

Атырау - Самара - БМЖ

Атырау - Самара - Бутинге порты

Атырау - Самара - Новороссийск порты

Атырау - Самара - Украина МӨЗ-і.

4. Тараптар Қазақстан - Қытай және Ресей - Қытай мұнай құбырларының

құрылысын іске асыру кезінде мұнайды өзара алмасу операцияларын жүзеге асыру мүмкіндігін мұндай операцияларды жүзеге асырудың Тараптардың шаруашылық жүргізуші субъектілері үшін өзара экономикалық орындылығын негізге ала отырып қарайды. Тараптар өзара алмасу операцияларын жүзеге асыру тәртібі мен қағидаттарын

Атырау - Кеңкияк - Атасу - Дружба (Қазақстан),

Ангарск - Дацин (Ресей)

құбырлар желісі пайдалануға берілгеннен кейін осы Келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылатын осы Келісімге жыл сайынғы Хаттамаларда белгілейді.

8-бап

Қазақстан Тарабы Ресей мұнайының транзитін "ҚазТрансОйл" Жабық акционерлік қоғамының мұнай құбырлары жүйесі бойынша, соның ішінде Ресейден экспортталатын мұнай транзитін:

Омбы - Павлодар - Шымкент - Чарджоу мұнай құбыры желісімен,
Омбы - Павлодар - Атасу - Дружба маршрутымен жүзеге асыратын болады.

9-бап

1. Мұнай транзитінің бағыттарын және көлемін Тараптар осы Келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылатын осы Келісімге жыл сайынғы Хаттамаларда көрсететін болады.

2. Тараптар Атырау - Самара, Махачкала - Тихорецк - Новороссийск мұнай құбырларымен экспортқа шығарылатын мұнай транзитінің жыл сайынғы кестелерін жасау кезінде іс жүзінде пайдаланылмаған көлемдерді қалған жылдар бойынша тепе-тең бөлу қағидатын негізге алатын болады.

3. Тараптар:

Қазақстан Республикасынан Атырау - Самара, Кеңкияк -
Орск, Махачкала - Тихорецк - Новороссийск мұнай
құбырларымен,

Ресей Федерациясынан Омбы - Павлодар - Шымкент -
Чарджоу мұнай құбырымен және Омбы - Павлодар
- Атасу - Дружба маршрутымен

экспортқа шығарылатын мұнай транзитінің тоқсан сайынғы кестелерін жасау кезінде келісілген транзит бағыттары бойынша іс жүзінде пайдаланылмаған көлемдерді қалған тоқсандар бойынша тепе-тең бөлу қағидатын негізге алуға м і н д е т т е н е д і .

10-бап

Тараптардың уәкілетті операторлары қажетті шарттар жасасып, оларда мұнай қабылдаудың, тасымалдаудың, тапсырудың, сақтаудың егжей-тегжейлі ережелерін, есеп айырысу шарттарын келісіп алады, сондай-ақ мұнайдың сапалық сипаттамаларын және мұнай транзитінің басқа да шарттарын анықтайды

11-бап

Магистралды тасымал жүйелері бойынша мұнай транзитін жүзеге асыру жөніндегі қызметтерге ақы төлеу Тараптардың тиісті мемлекеттік органдары бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

Тараптар мұнайдың Тараптар аумақтары арқылы транзитіне Тараптардың ұлттық экспорттаушылары үшін белгіленген мұнай тасымалына арналған тарифтерден аспайтын кемсітпеу тарифтерін қолдануға міндеттенеді.

12-бап

Осы Келісім шеңберінде ынтымақтастық жасау өздері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттар мен уағдаластықтар бойынша міндеттемелерді Тараптардың орындауына нұқсан келтірмей жүзеге асырылады.

13-бап

Дүлей күш жағдаяттарының пайда болуы салдарынан транзит үзілген, қысқартылған немесе тоқтаған жағдайда Тараптар өздерінің іс-қимылдарын келісіп алу үшін тиісті консультациялар өткізеді. Дүлей күш жағдаяттары орын алған жағдайда осы Келісімде белгіленген міндеттемелерін орындауы мүмкін болмайтын Тарап басқа Тарапты дер кезінде хабардар етеді.

Транзит магистралды мұнай құбырлары объектілеріндегі стихиялық апаттар, авариялық жағдайлар және жойқын талқандаулар салдарынан үзілген, қысқарған немесе тоқтаған жағдайда Тараптар олардың зардаптарын тез арада жою үшін бір-біріне жәрдем мен көмек көрсетеді. Бұл орайда Тараптар орын алып отырған авариялық жағдай және оны жою мерзімдері туралы бірін-бірі дер кезінде х а б а р д а р е т е д і .

Жүзеге асырылмаған мұнай транзитінің көлемі осы кезеңге келісілген жиынтық көлемді қысқартпай-ақ келесі кезеңге қайта бөлінетін болады. Бұл жағдайда Тараптар осындай мұнай көлемін Тараптардың құбыр өткізгіш жүйелерімен тасымалдау мен оның транзитінің басыңқы тәртібін қамтамасыз

етуге міндеттенеді және соған кепілдік береді.

14-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мен қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар өзара консультациялар мен келіссөздер жүргізу не Тараптардың заңнамаларында, халықаралық құқық нормаларында көзделген өзге де рәсімдер арқылы шешілетін болады.

15-бап

Өзара уағдаластық бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу Тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылып, осы Келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылатын жекелеген Хаттамалармен ресімделеді.

16-бап

1. Тараптардың осы Келісімнің орындалуын үйлестіру мен бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдары:

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі,

Ресей Тарапынан - Ресей Федерациясының Энергетика министрлігі болып табылады.

2. Мұнай транзитінің жүзеге асырылуы үшін жауапты уәкілетті операторлар болып:

Қазақстан Тарапынан - "ҚазТрансОйл" ЖАҚ,

Ресей Тарапынан - "АК "Транснефть" ААҚ тағайындалады.

Тараптар уәкілетті операторларға - Тараптардың шаруашылық жүргізуші субъектілеріне мұнай транзитін жүзеге асыруды және транзитке байланысты шарттарды (келісім-шарттарды) және мұнай тасымалдау ауыстырып тиеу жөніндегі басқа да құжаттарды рәсімдеуді, осы Келісімге сәйкес жүк жөнелтушілердің мүдделерін білдіруді тапсырады.

17-бап

Осы Келісім оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және бес жыл мерзімге жасалады, егер бірде-бір Тарап Келісім қолданылған уақыт ішінде пайда болған міндеттемелерін алдын-ала реттей отырып оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы осы Келісім мерзімі аяқталғанға дейін 6 айдан

кешіктірмей, жазбаша түрде хабардар етпесе, келесі бес жыл мерзімге өзінен-өзі ұзартылатын болады.

_____ жылғы "___" _____ қаласында қазақ және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, және де барлық мәтіннің күші бірдей, Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушілік пайда болған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қобдалиева Н.М.